

Есімде...

Қыс... Қаңтар айының бас кезі... Біздің үй мен Әтшем үйі Тал өзені бойындағы күзеуден Қызылдағы қыстауға көшіп келгеніне екі айдай болып қалды. Төңіректегі көрші ауылдардың ең жақыны Мәңкең ауылы, біздің ауылдан 5 шақырымдай жерде.

Тағы бір жұмадан бері жауған қар тізеден асатындай болып, ауыл-ауылдың арасындағы жаяу соқпақтар да әлде қашан жоғалып қалған еді. Кешеден бері темір қазықтан қатты жел шығып, көбік қарды бұрқыратып, алай-түлей боранға айналдырды. Боранның қаттылығынан, біздің үй мен Әтшем үйі азын-аулақ малын қар тептіруге кеше де, бүгін де шығарған жоқ. Күні бойы күзен аулап, сай-сала кезіп кететін Мойнақ та үйшігінде ескі шөп-шаламға тұмсығынтығып, мыңқ етпей жатыр.

Түс кезінде боран біраз саяланып еді, кешке қарай, әсіресе, ымырт жабыла өте жынданып кетті. Біресе жылаған баладай ызыңдап, біресе ұлыған қасқырдайгуілдеп соққанборан асты — жер, төбесі сырғауыл балшық үйді төңкеріп тастағандай. Жеңешем таң атқаннан бері қара қиды өртеп, пешті жағып-ақ еді, бірақ терезеден, бұрыш-бұрыштан, есіктен кірген суық басым болып, үйді мұздатып тұр.

Мен 10-11 жастар шамасында едім. Әкемнен қалған ескі шидемге оранып алып, таңертеңнен бері пештің түбінде, асықтан бие байлап, сақадан айғыр сайлап ойнап отырмын. Ерніне салған насыбайының суын тісінің арасынан шырт-шырт түкіріпағаметігінің жұлығын тарамыспен көктеп отыр.

Пештің сол бүйірін ала салынған, ошақтың астына қара қиды қыстыра қалап, отты маздатып отырған жеңешем қазанның қақпағын ашып, бұрқылдап қайнап жатқан бидай көжені ағаш ожаумен бір-екі рет араластырып қойды да, қарақаттай қара көзін төңкере ағайға бір қарап қойып, отыра берді. Қазанның қақпағын ашқанда, көтерілген бір құшак бу үйдің ішіне ілезде тарап, көженің исі мұрынға келгенде, тамағым жыбырлап, өзегім тартып қойды. Ағайдың да мұрнына жетті білем, кенеттен басын алып:

— Әй, көжеңді берсеңші! — деді.

Жеңгей өзімсінген дауыспен:

— Әй, қара тайыншаның бір қолы мен бір саны ғана қалды, қысты қалай өткіземіз? — деді, отты көсей отырып.

— Қалса қайтейін, бірдеме етіп өткізерміз. Айналдырған құла дөнен мен қара қасқа сиырдың бірін соя сала-

мыз ба .. Болшы, қазанды қаузашы, — деді де, бізін жанына қойып, тарамысын шумақтай бастады. Кеше жиында әңгіме көтерілген соң менің де көңілім бөліне берді: асықтарымды жинастырып, апатайымның бар кезінде тігіп берген қол дорбама сала бастағанымда, Мойнақтың абалаған дауысы құлаққа саңқ ете түсті. Мен де, ағам да, жеңешем де құлақ тігіп тыңдай қалдық. Менің көңіліме қорқынш кіріп, жүрегім алып-ұшып, ойнап кетті. Жалма-жан:

— Аға, қасқыр келді ме? Мойнақ неге үреді? — дедім. Ағам маған көзің қиығымен қарап, қорыққандығымды сезінгендей-ақ:

— Қой, айналайын, қасқыр жоқ, — деді.

Майлыаяқтың өршелене бастаған дауысы біртіндеп алыстап барып, қайтадан күшейіп жақындай бастады. Жеңгейдің «біреу келді білем, тысқа шықсаңшы», — дегені-ақ мұн екен, дүрсілдеген аттың, абалаған иттің дауысы терезенің түбіне келіп қалды.

«Ә-ә-ә-әй!» деген бір адамның дауысы боранмен араласып, үзіліп барып естілді. Ағам байпақты етігін қоңылтаяқ кие, шапанын иығына жамыла сала, тысқа шығып кетті. Жеңгей сығырайған білте шамды көтеріп кіреп қойды да, қазан жаққа қарай айналды.

Менің қорқынышым қуанышқа айнала бастады. Үйткені, қонақ келмегеніне, жаңа хабарлар, қызық әңгімелер естімегініме көп уақыт болып еді. Екінші жағынан қонақ келсе, қазан асылады, ол да маған теріс бола қоймаушы еді.

...Аяз сорған саптама етіктің шықыр-шықыр еткен дауысы қонақтың үйге кіргелі келе жатқандығын күні бұрын-ақ білдірді. А, — дегенше болған жоқ, сақал-мұртың, сеңсең тымағың, самайың қырау басқан, қоқырайған қара күпілі, енгезердей біреу лып еткізіп ашып, өз үйіне келгендей-ақ, екпінді дауыспен «кеш жарық» деп кіріп келді. Артынан ілесе, ағам мен Әтшем кірді. Мен алғашқыда тани алмай қалдым. Жеңешем: «Жоғары шық, біреу екен десем, құрдас екен ғой» дегенде өзіміздің Тойжан екені есіме түсе қалды. Жеңешем ашық көңілмен жарқылдап толып жатқан әйелдердің атын атап сұрап жатыр. Ағам мен Әтшем өзара күңкілдесіп төр жақта жүр.

— Әй, жаман қатын, мен келгенде неге жүгіріп шықпайсың, әйел алайын ба? — дейді Тойжан қалжыңдаған жүзбен етігінің қарын сыпырғышпен сүртіп жатып.

— Бір жолға кешіріңіз... Кісі екен десем, сен екенсің... сен екенінді білгенде, есікті бекітіп қоятын едім... — деді жеңешем сөзінің аяғын күлкіге айналдырып.

Тойжан сыпырғышты босағаға қойып, даурығып:

— Сенімен кейін сөйлесермін, кәне, неге

қараптұрсың, кәне барыңды әкел, қолыңды сағынып қалыппын, — деді де, мұртының қырауын қолымен үгемүге, төрге барып отыра кетті.

Ағам қожайынсыған дауыспен:

— Әй, шайынды, тамағыңды дайында, мына құрдасыңның бойынан қуаты кетіп қалыпты, — деді де, Тойжанға:

— Ал, енді шертші әңгіменді, — деді. Тойжан белбеуін шешіп, күпісін арқасына жауып, қалтасынан бір кішкене дорбасын суырып алды да, қағаз шай сияқты бір нәрсеңні қағазға шиыршықтап орап, бір шетін аузына тістеп, бір шетін шырпымен тұтатты, түтінді бұрқырата бастады. Ағам да сөйтті. Бір кезде үйдің іші көк ала түтін болды.

— Әй, балалар-ай. Қоспаған затты істейсіңдер-ау, түтін жұтқан да әуес болып па? — деді Әтшем түтінді қолымен серпіп. Тойжан, қарқ-қарқ күліп: «Әй, Әтше-ай! Дүниенің қызығынан құр қаласың ғой, темекіні Мұхамед пайғамбар да тартқан. Тартып көріңізші, пірәмі ұжымаққа барасыз!, — дегенде Әтшем темекінің түтініне қақалып жөтелді де қалды.

Бұл уақытта жеңешем қазанға үстеп ет салып жатқандығын көзім шалып қалды.

Әтшем үйінің төбесіндегі мұржадан шыққан көк түтін менің де мұрыныма келіп бірекі рет түшкіріп салдым. Тойжан шошыған адамдай жалт қарады да:

— Ә, батыр, мені танымайсың ба? Кел мында, келе ғой, — деп саусағының үшін қы-

бырлатты. Мен ұшып түрегеліп жанына бардым. Ол мені мойнымнан құшақтап, маңдайымнан сыйпап қойды да: — Өзі батыр болады... Ана жаман қатын ұрыспай ма? Ұрысса маған айт, мен оның сыйын беремін, — деді де, тағы да темекісін бұрқырата бастады.

...Жеңешем дөңгелек үстелді дөңгелетіп алып келді. Отырғандар қол-аяқтарын жиыстырып, ыңғайланып қойды. Мен қонақтың тізесінен түсіп, жанына отырдым.

Ілезде дастархан жайылып, шай даяр болды. Жеңешем ағамның оң жақ тізесіне бүйірін таяй отырып, қара құманнан шайды құя бастады.

Тоңып келген Тойжан ағай қонақтық етіп тартыншақтық жасаған жоқ, шыныаяқты үстелге қойғызбай-ақ жеңешемнің қолынан іліп алып, сөрп еткізіп бір ұрттады да, жалпақ темір табақтағы майлы бидайдан бір қасықты көміп алып, ауызға көсіп қалды. Тамақ десе жанып кететін басым, мұндайда не ғып қарап қалайын, майлы бидайды ағаш қасықпен көсіп алып, ауызға теңдей бастадым.

Әтшем мен жеңешемнен басқамыз бидайға қызу кірісіп жатырмыз. Әтшемнің боса-болмаса да, бидайға тісі өтіп жатқан жоқ, құр шайды бір ұрттап, бір тамсанумен отыр. Ал, жеңешемдікі, жалпы жеңгелердің ежелгі сыры ғой, кісі көзінше сыпайылық жасап, оңашада реттейді.

Тойжан шыныаяғын ұсынып жатып:

— Қаладан шыққаннан бері ішіп отырған

жөнді шайым осы. Әлгі біздің жаман қатын бар шайын таусып алыпты, — дей бергенде Әтшем сөзін бөліп:

Қаладашай арзан шығар, бір-екі тақтасын неге ала келмедің? — деп, өзінің шайқұмарлығында айтпай-ақ сездіре қойды.

— Ойбай, Өтеш-ау, қалада сондай қуғын-сүргін болып жатқанда шай алу тұрсын, өзінің жаныңды қоятын жер таба алмайсың емес пе? — деді Тойжан қабағын шытып, ренжіген жүзбен.

— Айтпақшы, қала қайсысының қолында тұр? — деді ағам, аузындағы бидайын тамсанып жұтып жатып.

— Осы өткен жексембі күні қаланы қызылдар алған болатын. Артынан бір-екі күннен соң, Сібірден келген, атын ұмытып қалдым, бір генералдың әскері қызылдарды қаладан қуып шығып, қаланы қайтадан ақтар алыпты, — деді. Тойжан ағай маңдайының теріні бешпетінің жеңімен сүртіп жатыр.

Тегі ақтар жағы басымырақ ғой деймін, деп ағам шайын ұрттай берді.

— Қайсы алса да, осал емес қой, деп, Әтшем бір жағынан килігіп қойды.

Мен дымына түсінгем жоқ. Тек сөйлегендердің ауыздарына қарап қойып, бидайды күйсей берумен болдым.

Әтшем мен ағам шыны аяқтарын төңкеріп қойып, кейінірек шығып отырды. Әтшем малдасын құрып, саусақтарын бір біріне айқастырып жай отыр. Ағам қауырсыннан жасаған тіс шұқуышымен тістерін тұрткілеп, тамсанумен отыр. Бидай бітуге таяп, табақтың

түбі көріне бастады. Тойжан шыны тәрелкенің түбінен саусақтарының басымен теріп ішіндегі шайды шабандау ұрттап отыр. Жеңгей қара құмандағы судың сарқынын ақ шәйнекке құйып қойды. Мен табақтағы аз ғана бидайдан қолымның үшімен андасанда бір алып қойып, әлі бұрынғы қалпымда отырмын. Тойжан құмандағы судың таусылғандығын сезгендей ақ, «Жаман қатынның өзінен шайы артық екен, бәрекезде, әбден қандық», — деп шыныаяқты лып еткізіп алды да, ақ шәйнекті сарқып құйып: — «сый аяғыңыз», — деп күлімсіреп бір шыныаяқ шайды қонақтың алдына қойды. Бұл кезде ағам мен Әтшем бір нәрсені айтып отырды.

Ақтық шыныдағы суыңқырап қалған шайды қағып салды да, Тойжан аға темекісін суыра бастады.

Жеңгей шайды жинастырып, қазан жаққа кетті. Мен Тойжанның темекі орасына қарап өзімше таңғалып отырмын.

— Ал, енді әңгімеді бастан-аяқ айтшы, — деді Әтшем Тойжанға қарай қозғалып жуықтай беріп. Ағам Тойжанның темекісінен орап жатып:

— Қане, шерте бер, көптен бері жаңа хабар ести алмадық, бүгін Әтшем екеуіміздің құлағымыздың құрышын қандырмасаң болмас, — деді.

Тойжан темекісін, бір сорып қойып, жайлап әңгімеге кірісті.

— Түнеу күні, өздеріңмен Сасықпайдың қызының тойында жолыққаннан кейін бір-екі күннен соң Сыздық екеуіміз қалаға жүрген

болатынбыз. Менің шабурам — ептеп-септеп бала-шағаға көйлек-көншек алып кету еді де, Сыздықтың мақсаты — ондағы інісін көріп, қал жайын біліп, біраз жатып қайту болатын-ды.

Жолшыбай екі қонып, үшінші күні қалаға жеттік. Сыздықтың інісі Садық бұрынғы тұрған пәтерінен көшіп, сол өзі істейтін зауыттың төңірегіндегі Иван деген орыстың бір бөлмесіне кірген екен. Ымырт жабыла зорға таптық. Барып біздің де түсіп жатқанымыз сол-ақ екен, иығына күрегін асқан, үстінде ескі тері бешпенті, басында жыртық бөркі бар бір адам жылдамдап басып келе жатты. Сыздық: «Осы келе жатқан Садық-ау деймін», дегенше болған жоқ, «Әссалаумағалай-күм!» деп қуанышты дауыспен Садық жетіп келді.

Әлгі жерде маз-майрам болып көрісіп, амандасумен болдық.

Шіркін, туысқан дегенді қойсаңшы, Сыздық Садықты көргенде көңілі бұзылып, көзіне жас алды ғой. Тіпті адамның іші елжірейтін... — деп, Тойжан бір күрсініп қойды.

Иә-ә-ә, туысқан деген адамның өзегін қак айырады ғой, деді Әтшем аянышты дауыспен.

Темекісінің қалдығын бір сорып қойды да, Тойжан әңгімесін қозғай берді:

— Сонымен үйге кірдік. Бір лыпылдаған жас әйел жүгіріп көрпе жайып жүр.

Біздің отырғанымыз да сол екен, Садық күлімсіреп:

— Мына кісі келініңіз

болады,- деді әлгі әйелді нұсқап. Мен жұлып алғандай:

Е, қайырлы болсын, — дей салдым. Сыздық салмақты дауыспен:

Не болса да қайырлы болсын, шырағым. Өзіңе ұнаған бізге де ұнап жатыр ғой, қайырлы болсын, көп жасаңдар, бақытты болындар... — деп белбеуін шешіп күпісінің жеңін шеше бастады. Келін қонақтардың сырын түсіне қалғандай-ақ дереу самаурын көтеріп ауыз үйге шығып кетті.

Біз жайласып отыра бастадық. Ағаш үйдің оң жақ бүйіріндегі төсекке отырып, Садық елдің хабарын сұрастыра бастады. Сыздық екеуіміз жарыса сөйлеп көрген-білгенімізді айтып жатырмыз.

Сөйтіп отырғанда шай да дайындалып қалды. Келін шайын жасап, құя бастады. Сонымен ішуге кірістік. Жолшыбай тоңып, шаршап барған басымыз жас келіннен ұялып отырайық панаңды үсті-үстіне соғып отырмыз. Сыздық екеуіміз бір оншақты аяқ шайды ілезде жайластырдық.

Келін анда-санда: — Ішіңіздер, — деп қояды. Келіннің басқасы Сыздекене ұнама-са да, дәл «Ішіңіздер» деген сөзі теріс болмаған болар деймін.

— Келін, шырағым, өзің де іш, ұялма... Мыңның жүзін танығанша, бірдің атын біл деген ғой, атың кім, шырағым? — деді Сыздық сақалын бір сыйпап қойып.

— Аты Ғалия, — деп Садық бір бүйірінен қыстырыла кетті.

— Ө, Ғалия, Ғалия... Жұмаділдің қызымен

аттас екен ғой, — деп Сыздекең келінге тағы бір қарап қойды, — деп Тойжан тыныс алды.

Ағам:

— Құлқын тамақ Сыздекеңнің ашуын таратқан екен ғой, деп Тойжанның темекісінен орай бастады.

Сол арада шашы жалбыраған бір орыс кіріп келді.

— Садық, как дело? — деп Садықпен қол алысты. Садық «шай іш» деп еді, ол «ракимет» деп отырмады.

- Бұл кісілер қонақтар ма? — деді әлгі адам.

— Иә, менің туысқандарым, — деді Садық.

— Ну, пока, ертең сөйлесерміз, — деді де, кетуге ыңғайлана бастады.

— Жарайды, ертең жұмысқа бірге барамыз ғой, — деді Садық. Орыс жігіті шығып кетті.

- Мұның кім? — дедім Садыққа.

— Бұл менің завотта бірге істейтін жолдасым. Осы қорада тұрады, — деді де үстелдің үстіндегі нанды біздің алдымызға қарай сырып қойды...

Шәйға әбден қандық. Садық екеуіміз темекі тартуға кірістік. Сыздық мұртын шиыртып жәй отыр. Келін шайды жинап ауыз үйге кетті.

Мен Садықтан қаланың жай-жапсарын сұрастыра отырдым. Ол маған түрлі жаңалықтарды айта келіп:

Ақ пен қызылдың оқиғасын естіп жатқан боларсыздар? — деді.

— Ұзын құлақтан естігеніміз болмаса, жөнді білмейміз ғой, жайын айтшы.

Садық соғыстың мән-

жайын таныстыра келіп:

Қазірде қызыл жағы басым болып тұр. Ақтың әскері қала-қаланың қайсысынан болса да дүркіреп қашып жатса керек. Жақынарада бұл қала да қызылдардың қолына көшер деген сенім зор. Таяуда Омбыдан бір азамат келген болатын. Ол өзі Бәлшебек партиясының мүшесі, қызылдардың сенімді адамының бірі болса керек. Келісімен-ақ жұмысшылардың басын құрастыра бастады. Алдымен біздің кірпіш зауытындағы жұмысшылардың арасына келіп үгіт жүргізді. Біздің жұмысшылар бір ауыздан: — қызылдарды қоспаймыз, ақтарға қарсы күресеміз, — деп ұйғарысты. Осы қаланың ішіндегі жұмысшылардың арасына өзіміздің адамдарымызды жіберіп, оларды да өз қатарымызға шақырған болатынбыз. Қысқасы, қаладағы жұмысшы біткен тегісінен қызылдар жағында. Бір-екі күннің ішінде бір болмақ, — деді.

Садық әңгімесін баптап айта отырды. Мен «құлаққа ұрған танадай» тынып, шын ыждағатпен тыңдап отырмын.

...Кенеттен сықыр етіп есік ашылды. Садық екеуіміз жалт қарадық. Үрейленген жүзбен келін кіріп келді де:

— Әй, әлде кімдер келіп, қақпаны қағып тұралар, — деді Садыққа.

— Жолдастар шығар, мен барып ашып келейін, — деді де Садық көйлекшең шығып кетті.

Көп кешіккен жоқ, тағы да есік ашылды.

Ашулы жүзбен Садык кіріп келді. Артынан ілесе алты атарын колдарына ұстаған, иыктарында, жағаларында жалтыраған бір нәрсесі бар, сыптай боп киінген үш адам кірді. Біз шошып кеттік. Сыздық жатқан қалпынан тез көтерілді де, үн жоқ екі көзін бадырайта қарап қатты да қалды.

- Дабай, одебайса! — деді мұрты түксиген қара сұр адам. Садыкқа алты атарын кезеп. Садык «Қап» деп өкініп жалма-жан киіне бастады.

— А ты, киргиз, шего сидишь, дабай сабырайса, — деді тағы да әлгі адам.

Садык: — Ол кісілерде жұмыстарың болмасын, олар елден келген қонақтар, — деді.

— Молшат! — деп ақырып қойды:

— У, ты сыболыш! деді екінші біреуі..

— Құрдас-ау, одан қайтып құтылдың? деді манадан таңғалып тындап отырған жене-шем.

Тұра-тұрсаңшы, айтам ғой, — деді де Тойжан сөзге кірісті.

— Не керек, қайдағы бір жан жүргісіз қараңғы көшелермен үшеуімізді айдап келеді. Зәре деген қалған жоқ. Ішімізден иманымызды айтып келеміз. Садык біздей емес, денесін қайрат кернегендей екпінді жүріспен алда адымдап отырды.

Бір уақытта бір үлкен ауланың ішіндегі ақ үйге алып келді. Бізде ерік бар ма, жүр дегенде жүріп, кір дегенде кіріп келеміз. «Өлтіретін жеріне әкелген болар», — деп ойладым. Бір үлкен бөлменің ішіне әкеліп тоқтатты. Оң жақ бүйірдегі сары есіктен мылтық, қылыш асынған

үш-төрт адам шыға келді.

Баяғы үшеуі бізді ығыстырып қойдай айдай бастады. Айдаған бетімен бір бұрышқа алып келді де, қолымызды көтеріп қойып қойны-қоншымызды, қалтамызды тінтіледі. Садықтың жан қалтасынан бір кішкене мылтықты суырып:

- Эх, сыболыш! деді бірі. Сыздықтан еш нәрсе таба алған жоқ, менен тапқаны жанқалтамдағы темекі. Темекімді дорбасымен суырып алды да, біреуі қалтасына сала салды. Тегі ақша екен деп алды білем, үйткені дорбаның ішінде темекінің қағазы бар еді.

Қолында шылдырлаған бір нәрсесі бар тағы біреу жетіп келіп, біз тұрған бұрыштың маңындағы бір-екі есікті аша бастады. Есіктің ашылуы да мұң екен, бізді итермелеп тастай қараңғы үйге кіргізе бастады. Садықты бір бөлмеге кіргізді. Сыздық екеуімізді бір бөлмеге кіргізді..

Әтшем: Абақты деген сол-ау, ә? — деп Тойжанның сөзін бөлді. Тойжан темекісін жуан етіп орап алып, әңгімені шұбырта берді.

Көзге түртсе көргісіз қараңғы... күндіз екенін, түн екенін білмейсің... Сыздық бишараның екі көзі боздап жылаудан ісіп кетті. Не керек, жыладың не, жыламадың, не, сенің көзіңнің жасын кім көреді. Кейде бір-бірімізді жұбатып, түрлі өткен-кеткен әңгімелерді қозғап қоямыз. Кейде қазіргі болып жатқан соғыс мәселесін талқылаған боламыз. Тіпті болмағанда ертеп айтамыз. Ұйқы

деген де мүлде қашып кетті... Қарын ашып, жүрегіміз жалап барарды. Кейде таңдайымыз кеуіп, тамағымыз қаңсып, шөлден өле жаздаймыз. Өзгеден бұрын темекімді алып қойғанын қайтерсің. Темекісіз отыра алмайтын басым, мұндай аңсамасын, — деп темекісін үсті-үстіне сорып қойып, әңгімесін жылжыта берді.

Ж а ң ы л м а с а м , бір сөтке өткен болар деймін... Біреу біз жатқан бөлменің есігін ашып, қолына панарын ұстап жетіп келді де:

Сендердікі әкесін аты кім? - деді. Біз әкеміздің атын аяйық па, айта салдық. Панар ұстаған адам есікті іш жағынан бекітті де, бізге біраз қарап тұрып:

Сендердікі ақша көп? — деді.

Бізде ақша жоқ, сорлы адамбыз, — дедім мен.

— Аха, вон как... ақша жоқ болса, абақтыда өледі, ақша болса тірі қалады, деді басын шайқап қойып, таңдайын тақ еткізе түсіп.

Ақша болса босата ма? — дедім жұлып алғандай.

Ол: — Ну, кәнешно... Міне, мен ақша болса босатады. — Сыздық екеуіміз бір-бірімізге ымдасып, ақша беріп босауға қол қойдық.

Мен: — Табарыш госпадин, ақша берсем қазір босатасыз ба? дедім.

Ол: Дабай, ақша, қазір босатады, — деді.

Мен жалма-жан шалбарымның ішкі жақ ышқырына жалғастыра тіккен қалташадан азын-аулақ ақшаны суыра бастадым. Өйткені бұрын біліп ек.

Сыздық та етігін шешіп, ұлтандығының астынан қағазға жалпақетіп ораған ақшаны суыра бастады. Мен санағаным да жоқ, өзі де онша көп емес еді: «Мінекиіңіз, тақсыр, енді біз жинала берейік пе?» - дедім. «Да, қазір шығарам», — деді Сыздық екеуімізден алған ақшаларды қойын калтасына тығып жатып.

— Мен басқа адамдар жоқ па, қарап келем, сендер дайындала беріңдер, — деді лып етіп шығып, есікті сыртынан жауып кетіп қалды.

Сыздық екеуіміз енді босанамыз деп қуанып жүрміз. Киімдерімізді реттеп киіп, есіктің ашылуын күтіп тұрмыз...

Бірақ әрі күттік, бері күттік, келмеді... Сол жоқтан жоқ бола берді... «Жығылған үстіне жұдырық» екендігін сонда ғана түсіндік.

- Қап оңдырмай отырғызып кеткен екен, ә? — деп ағам бір бүйірден қыстырыла кетті.

- Сол отырумен отыра бердік. Енді қалай босағанымызды баяндайын, — деп, Тойжан ағай орнынан бір қозғалып қойды.

Бір күні күндіз, түн екенін білмеймін, күрсүрс атылған мылтық дауысы шықты. Бір сойқанның басталғанын сезе қалдық. Гүрсіл күшейе бастады. «Иә, сәт...» - дедік те, Сыздық екеуіміз қараңғы үйде тың тыңдай бастадық... Біраздан соң гүрсілдеген дауыс жиіленіп, күннің күркірегеніндей гүрілдеп, қараңғы үйді тенселткендей болды". Көп кешіккен жоқ, әлде кімдердің жүгірген аяқтарының дауысы біз отырған бөлменің есігі-

нің алдынан өтіп жатты. Бір уақытта біздің бөлменің есігі сарт ете қалды. Көзді ашыпжұмғанша болған жоқ, есікті шалқасынан лақтырып тастап Садық кіріп келді де:

— Ал, жүріңдер, керемет дегенді көріңдер! — деп бізді жетектей-метектей жүгіріп шықты. Сол жүгіруден жүгіріп отырып, Садықтың үйіне келіп тоқтадық. Келін жүгіріп шығып Садықты құшақтай алды. «Сендер үйде болыңдар», деп Садық тағы жүгіріп кетті.

Біз үйге кірдік. Келін жүгіріп шай қоя бастады. Сыздық екеуіміз көшедегі шұбырып қашқан, қуған халықты терезеден қарап тұрдық. Біреуі атты, біреуі жаяу, біреуі мылтық алған, біреуі қылыш асынған толып жатқан адам еңтігіп, естері шығып зыр жүгіріп жүр. Бір уақытта қолына алты атарын ұстаған, жарқыраған жағасы бар еңгезердей біреу көзіме жылы ұшырай кетті. Үңіліп қарасам, баяғы біздерді айдап әкететін мұртты қара екен. А, дегенше болған жоқ, қолдарында күрегі, ломы, балғасы, мылтығы бар жұмысшы жүгіріп келіп қалды, үстінде қара тері бешпеті бар Садықты тани кеттім. Сыздыққа: «Садықты қара», — дегенше болған жоқ, екі жұмысшы, біреуі Садық, жаңағы мұртты қараны қуып жетіп қалды. Мұртты қара сасқалақтап мылтығын кезене бастағанда Садықтың қолындағы жалпақ күректің қыры бастан сарт ете қалды. Сымдай боп киінген неме, сырғауылша сұлап түсті. Садық мұртты қара-

ның мылтығын алды да, жолдастарымен жүгірісіп, басқа көшеге қарай бұрылып кетті. Не керек, ана мұртты қараны қылжитқанына мұндай сүйсінбеспін де...- деп Тойжан мұрттынан күліп қойды.

Ағам «Садыктікі ерлік-ақ екен!» — деп еді.

Әтшем: «Мұнда жүргенде қойды жөндеп баға алмайтын ынжық еді, істеп жүргенін қарашы, ә!» — деп таңғалды.

Тамақ та дайын болды... Құрдастың әңгімесі де құлаққа жағып барады, — деп жөнешем қазан жаққа кетті.

Тойжанның әңгімесі маған да сондай-ақ ұнаса да, қазандағы еттің иісі одан басымырақ болып, көңілді бөле берді, «енді тамақ ішуге кіріссе теріс болмас еді-ау» деп отырмын ішімнен.

Сонан соңғы жерде немеңе, біз шайды ішіп баптанып отыра бердік. Келіннің айтуына қарағанда, түрмеде табандаған үш сөтке отырғыппыз, — деп Тойжан шұбырта берді:

Қас қарая Садық та келді. Үш сөтке жатқан қайғы кеудеден ұмытылып, жүрек орнына түскендей болды. Садық қаланың бәлшебектер қолына көшкендігін айтқанда, Сыздық сүйініп кетіп:

- Бәрекелді, шырақтарым! Жасаңдар! Өнеу күнгі бізді қара тұманға ұрындырған мұртты немеңің жазасын тартқандығының өзі де мені риза етті. «Жалғандікі — жалғанда қайтады», — деген осы ау? -деп желпініп қойды.

Міне, менің әңгімең осы. Сол оқиғаны бас-

тан өткізгеннің соңында, қалада босқа жата беріп не қылайын, бала-шаға жүдеп қалар дедім де, елге қайттым. Садық бәріңізге сәлем айтты: «Қарап жатпасын, біріксін, бас қоссын, мына болып жатқан төңкерісті шамалары келгенше қуаттасын, Қартабай, Жазабай сияқты жуандардың ықпалына еріп кетіп жүрмесін, бай — байға, сай — сайға құятынын ұмытпасын», — деп қалды. Тойжан ағай осымен әңгімесін аяқтады.

Әтшем: «Бәрекелде, шырағым, құлақтың құрышын әбден қандырдың... біз еш нәрседен хабарсыз жатыр екенбіз... Оқиғаның мәнісіне жаңа түсіндім ғой», — деп басындағы тақиясын қозғап, маңдайын бір сипап қойды.

— Ал, енді сендерге айтатын бір мәселе мынау: ұзынқұлақ хабарға қарағанда, ақтың бір бөлек әскері

осы қазақ даласын баса қашатын көрінеді. Олай болған күнде қызылдың әскері де қазақ даласын басып өтуге тиіс. Өздеріңе белгілі, біздің ауыл дәл жолдың үстінде ғой... Сондықтан балашағаларды әкете тұруды ұйғарып келіп едім. «Сақтықта қорлық жоқ» деген ғой. Қанша айтқанмен бұл ауыл жолсыз таудың арасында емес пе, кім келе қояр дейсің? — деді Тойжан.

Ағам мен Әтшем жарыса:

— Оның дұрыс-ақ... Ауыл арасы жақын ғой, тіпті бүгін таң атқанша көшіріп әкелуге де болады ғой, — деді.

— Сүйтуге де болады, менің әдейі келгендегі жұмысымның бастысы осы еді, — деді де Тойжан орнынан түрегеліп, ағам екеуі тысқа шығып кетті.

«Жеңеше, ұйқым келді», — дедім, етті тезірек түсіре ме екен деген оймен.

«Ұйқың келсе, мынаны

же де жат», — деді жеңешем. Маған тостағанға салып ет әкеліп берді де, шынында да ұйқымның келгені рас еді, етті жеп алдым да, шидеме оранып алып, бүктүсіп жатқанымды білемін. Онан кейін ұйықтап қалыппын.

...Оң жақ құлағым шымыр ете түскенде селк етіп оянып, көзімді ашып алсам: қарқарқ күліп Ұрымжан жанымда тізелеп отыр екен.

— Ой, өзің не қылған жансың, біреудің құлағында не жұмысың бар? — дедім ашуланып.

— Жә-жә-жә, құлағыңның үшінен шертіп қалғанға өтің жарылып кетті ме? Тал түске дейін ұйықтайсың, орыс келіп көтеріп алып кетсе қайтесің? — дегенде орнымнан атып тұрып, жанып жатқан пештің алдына барып жалпиып отыра кеттім.



Қасым Аманжолов ағасы Ахметжан, туыстары Құсатай мен Рымжан және жазушы досы Жәрдем Тілековпен бірге.

— Әй, біздің үйдегілер қайда екен? — дедім.

— Ой, маңқа, ұйқыдан басқа дым білмейсің... Жаңа ағам мен Тойжан келіп бәрін тауға жасырынуға алып кетті. Өне тауға шығып барады. Меңкең ауылына орыстар келіпті... Ағамдар көріпті. Сені мен оятпасам орыс келіп алып кететін еді, бәлем. Жақсылықты білмейсің ғой.

Жүгіріп барып терезенің қырауы еріген шетінен сығалап қарап едім: жарқыраған күннің нұры ақша қарды шыныдай жылтыратып, даланы жап-жарық етіп тұр екен. Айдын көлдей көкшіл аспанда жүрген алтын күн көлденең, керілген кербез биіктің иығынан баспалап қарап тұр. Ақ қарды омбылап, тырманып, тізбектеліп тауға өрлеп жатқан адамдар сүтке түскен шыбындай ілезде көздің жанарына іліне қалды. Өрі-бері таңғалып қарап тұрдым да:

— Сен неғып жүрсің, тағы бір нәрсені жымқырып кетейін деп жүрсің бе? — дедім пештің отын шымшуірмен түрткілеп жатқан Ұрымжанға.

Өй-й-й, неңді ұрлап едім?

Ұрламаған шығарсың, былтыр жайлауда отырғанда менің қызыл асығымды ұрлап кеткеніңді білесің бе?

— Сен ұрламаған шығарсың... Ана жылы әкем берген тобылғы шоқпарымды ұрлап алып, Әлмұрзаның Әшіміне ірімшікке айырбастап жібергенің қайда...

— Па, шіркіннің былжырауын-ай... — деп пештің үстіндегі жеңешемнің қағаз шайы-

нан ептеп алақаныма алдым да пештің түбінде жатқан ескі қағаздың шетінен жыртып алып теріс қарап Тойжанша орап жатыр едім:

— Әй, не қылып отырсың, айтам, айтам, — деді.

— Нені айтасың? Айтсаң айта бер, сенің жазды күнгі қисық мүйіз ала сиырыңа сүзгізгенінді мен де айтам, — дедім де пештің алдына келіп, тұтатып алып, сорып қарап едім, ап-ащы қоңырсыған түтін қолқама кіріп кетіп, жатып кеп жөтелгенім.

— Бәлі, бәлем, темекі тартқаныңды айтып сойғызбасам ба? — дей бергенде иттің үрген дауысы естіле қалды. Ұрымжан жалма-жан жанып жатқан қыйдың бірін пештің алдына құлата салып, терезеге барып қарай қалды. Мен: «Үйді бықсытып жібердің, жеңешем ұрсады...»деп, жатып байбалам салдым.

— Қақсама... Орыс келе жатса үйді түтін қылып жібер деп жеңешемнің өзі айтқан, — деді де терезеден екі көзін айырмай қарады да тұрды. Иттің үргені, Ұрымжанның сезіктенгені менің де жүрегіме қорқыныш кіргізе бастады.

Кенеттен:

— Ойбой, орыс келе жатыр... — деді де Ұрымжан шошыған жүзбен менің қасыма жүгіріп келіп, пештегі қыйды тағы да құлата бастады... Үйдің іші алай-түлей тұман болды... Әлде кімдер шапқылап терезенің алдынан өтіп жатты. Менде зәре қалған жоқ. Бір білгенім Ұрымжанға тығыла беру болды.

Шоланның есігі сарт ете қалды. Ұрымжан

екеуіміз пештің түбіне барып бүк түсіп жата қалдық.

Топырлап кіріп жатқан адамдардың дыбысы бізге үй құлап бара жатқаннан кем болған жоқ.

«О-но!» деген бір дауыстың шыққаны да сол екен, әлде кімдердің суық қолы екеуіміздің желкемізге тиіп қалды. Қозыны сүйреген қасқырдай бізді сүйреп пештің алдына қарай алып барды. Буыным қалтырап, жүрегім алып ұшып барады. Қарасам, ылғи мылтық, қылыш асынған сойылдай-сойылдай адамдар төніп тұр екен. Зәреміз ұшып кетті. Бақырып жылап қоя бердік.

— Кода козайын? — деп біреуі бақырып ақырды. Біз бақыра бердік. Біреуі менің аузымды баса бергенде бармағын тістеп кеп алып едім, жағымнан тартып кеп жіберді. Көзімнің оты жарк ете түсті. Пештің түбіне қарай сұлап түстім. Зар еңіреп жатып қырылдаған Ұрымжанға көзім түсіп кетіп еді, бір топ адам ортаға алып: «Қайда козайын, қайда ат...?» — деп құлағын бұрап, түйгіштеп жатыр екен...

...Сыртта сатыр-сұтыр еткен дауыс шыға қалды. Кісі көрген қасқырдай бәрі топырлап шыға жөнелді. Қара құстың қармағынан құтылған торғайдай Ұрымжан жүгіріп келіп, мені құшақтай алды. Екеуіміз құшақтасқан күйімізде өксіп жылай бердік.

Сатыр-сұтыр, гүрс-гүрс, шулаған, айқайлаған дауыстар бізді еріксіз орнымыздан тұрғызғандай болды. Жүгіріп барып терезеден қарай қалдық.

тырым-тырақай жүгіріп, бір жығылып, бір тұрып қаптап жүрген адам екен. Үш адам жүгіріп барып шөп қораға кіріп кетті. Екі адам күресіннің түбіне жата қалып, Мәңкеу ауылы жақтағы кезеңге қарай атып-атып жіберді де, тұра салып үйдің сыртына қарай жүгіріп кетті. Сол арада оншақты адам бейіт жақтан құйғытып шауып келіп қалды.

Біздің жүрегіміз жарылуға таянғандай болды. Терезенің алдынан қақпа жаққа қарай құйғытып өтіп жатқандардан көзімізді айырып алуымыз жоқ.

Сол-ақ екен, сатырсұтыр еткен мылтық дауысы көктен бұршақ жауғандай жиіленіп кетті.

Бір көк ат пен біртөрт ағ бауырына ауған ерлерін текпілеп мөңкіп, тулап терезенің алдынан өтіп кетті...

Дабырлаған дауыс құлақты жарып жақындап қалды. Есікке жалт қарасак: үстінде сұр киімі, басында бөркі, қолында мылтығы бар біреу кіріп келеді екен. Бізді көре салып: «қорықпаңдар, балалар» деді. Оның артынан үш-төрт адам бір адамды көтеріп кіргізіп, төрдің алдына әкеліп жатқызды да, өздері үймелеп тұра берді.

Біз баяғы өксумен тұрғанбыз. Алғашқы кірген жігіт бізге күлімсіреп қарап:

— Мені танысыңдар ма, балалар? — деп бас киімін қолына алды. Ұрымжан өкісіп тұрған бетінде: «Жо-оқ» деді.

— Ұрымжан, әй, ана жылы қосқарға мінгізіп ойнататын кім еді, Садық ағанды ұмытып қалдың ба? — дегенде Ұрымжан таң-

ғалып қарай қалды. Садық Ұрымжанды алдына отырғызып, алтыбақан тепкендей жоғары-төмен шайқай бастады. Ұрымжан қарқ-қарқ күлді. Мен де көзімнің жасын қолымның сыртымен сүртіп, мырс етіп күліп жібердім. Басын да сеңсең бапағы бар буырыл сақал бір орыс маған қарай жымып күлді.

Менің інілерім, — деді Садық әлгі орысқа.

Жақсы балалар... Менікі осындай екі бала бар еді... — деп менің маңдайымнан сүйді.

Төрдің алдында сұлап жатқан адам бір-екі рет қатты ышқынды да, қалтыраған дауыспен: «Пы-рос-шай-й-й...» деп тыныштала қалды. Бізді көтеріп тұрған екеуі әлгі адамның жанына барды да, бас киімдерін қолына алып, ләм демей төмен қарап мұңайып тұрды. Басқалары да бастарын салбыратып, көздеріне жас іркіп тұр екен. Сұлап жатқан адамға көзім түсіп еді, дәл төсінің үстінен аяғына аққан қанды көріп бойым тітіркеніп кетті.

Бұйра сары шаш маңдайының үстін жауып тұрған ақ құба жігіт басын көтеріп алып, әсерлі дауыспен бірсыпыра сөздер айтты. Онан соң Садық: — Иван, бауырым, қос... Миллиондаған еңбекшінің теңдігі үшін құрбан болдың. Сенің атың, сенің төңкеріс жолындағы үлгілі ісің біздің, миллиондаған еңбекшінің жүрегінен еш кетпейді. Біз өзіңмен бірге түскен ұлы жолдан таймаймыз. Осы жолда не құрбан боламыз немесе жаудың сағын сындырып, қан сасыған белдерден,

жапан түзді шөлдерден өтіп көздеген мақсатқа жетуге серт береміз», — деп бас киімін киіп алды. Бәрі де қайраттанып, бастарын көтеріп алды.

Садық Ұрымжанға: «Әтшең мен ағаң қайда?» — деді. «Сендерден қорқып бәрі тауға кетіп қалды. Әй, неге қорқытасыңдар?» — деді Ұрымжан Садықтың мойнына асылып.

— Біз емес, айналайын, сендерді қорқытатын ақтар, байлар. Біз олардың сыйын бердік, — деп Ұрымжанды бауырына қысып қойды.

Бұйра шашты ақ құба жігіт менің иегімнен қағып, сеңсең папағын басыма кигізе салып еді, бет-аузымның бәрін жауып кетті. Үйдегілердің бірсыпырасы күлісіп жатыр.

Қорқыныш деген мүлде тарап кетті. Күлгендердің бәрі де өзіміздің үйдің адамдарындай болды.

— Мылтығыңды беріп кетші, қасқыр келгенде тарс еткізіп атып жіберейін, — дедім маған папағын кигізген жігітке. Садық маған қарай жымып:

— Айналайын, өзің үлкен жігіт болып келесің. Соңыра мылтықта, қылыш та әкеп беремін... Сонда ақтардай, байлардай дұшпандарды да атарсың, — деп Ұрымжан екеуіміздің бетімізден кезек-кезек сүйді.

«Біздің еңбек», Орал, 1934, № 1, 19-27 бет.

Қарқаралы. - 1991. -
№2. - 26-35 б.